

Негізгі конфуцийшілдік категорияларды түсінудің заңдылықтары («Лунь юй» еңбегі негізінде)

М.Б. Асыл

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: monikaassyl@mail.ru

Түйін. Мақалада конфуцийшілдік ілімнің негізгі түсініктері және конфуцийшілдік трактат «Лунь юй» негізіндегі оларды түсінудің және аударудың заңдылықтары қарастырылады.

Ұлттық әдебиет өз өмірімен тіршілік етеді. Әрине, ол сол халықтың күллі тарихымен, оның барлық даму жағдайларымен шартты түрде байланысты және басқа халықтар әдебиетімен қарым-қатынаста болды. Осы қарым-қатынас ішінде аударманың орны ерекше. Аударма – жалпы адамзат атаулының танымдық рухани алмасуы нәтижесінде мәдениет пен өркениеттің дамуына, адам баласының эстетикалық көркемдікке қол жеткізуіне, санасының өсуіне, дүниетанымының кеңеюіне апаратын жолдың бірі.

Ежелгі қытай тіліндегі дереккөздерді қазақ тіліне аудармасының ерекшеліктерін сараптау – отандық қытайтану ғылымының ең өзекті мәселелерінің бірі. Негізінен, аударма тарихы өте маңызды десек те, ол ғылымның аз зерттелетін саласы болып келеді. Аударма әдебиетін зерттеудің маңыздылығы, әсіресе конфуцийшілдік әдебиеттер сияқты қиын ескерткіштерді сөз еткенде тіптен арта түседі. Бұл кітаптар қытай мәдениетінің тарихын қалыптастыруда аса үлкен рөл атқарды. Канондар негізінде білім беру жүйесі қалыптасты. Алайда бұл классикалық еңбектердің мәні, тілі мен жазылу стилі қиын болғаны соншалық, бұл еңбектер көптеген комментарийлер мен түсіндірмелерге толы болып келді. Әр кезеңде құрастырылған комментарийлер канондардың мазмұнын да, жеке түсініктерді де түрліше түсіндіргенмен, олардың ортақ мақсаты конфуцийшілдік идеяны сақтап қалу болды. Осы мақсаттың негізінде конфуцийшілдік түсініктер тарихи кезеңнің әр дәуірінде жаңаша мәнге ие болып, толықтырылып отырды. Бұл конфуцийшілдік ілімінің негізгі

категорияларының түпкі мәніне жетудің жолын қиындатып жіберді, себебі әр тарихи кезең бұл ұғымдарға өз түсіндірмесін берді және ол сол кезең үшін ең тиімді болды. Өзінің ұзақ өмір сүруі барысында жаңа тарихи жағдайларға бейімделу үшін ол бірқатар реформалардан өтті. Бұл жағдай қытайлық жазба тілінің дамуымен бірге конфуцийшілдіктің жеке түсініктерін түсіндіруде де келіспеушіліктерді туындатты.

Көптеген аудармашылар мен қытайтанушылар тарапынан аудару барысында әрдайым көптеген түсініксіз тұстарға толы болып келген конфуцийшілдік классикалық еңбектер қатарында ең алдымен «Лунь юй» трактаты аталады. «Лунь юй» тілі мен стилі жағынан бірыңғай еместігі бұрыннан белгілі. Онда ерте және кейінгі кезеңге жататын бөліктер бар. Бұл еңбектің Конфуцийге жақындығын оның стилі растайды. Ол қазіргі заман оқырмандарын өзінің жүйесіздігімен, бөлшектілігімен таңдандырады. Оның әр тарауы бастапқы сөздермен аталатындығы бұл ретсіздікті дәлелдей түседі. Кітаптың басы мен аяғын бөліп алу өте қиынға соғады. «Лунь юй» кішігірім диалогтардан, ой толғаулардан және әртүрлі афоризмдерден құралады. Бұл ішкі бөлшектік үзінділер арасындағы шекараларды жойып, ретсіздіктің жалпы көрінісін күшейте түседі. Алайда дәл осы себептен де бұл еңбек іштей де, сырттай да ашық мәтін болып есептеледі. «Лунь юйдің» қысқалығы Конфуцийдің сөзі аяқталмаған деген ойға алып келеді.

Оқырман «Лунь юйдің» алғашқы бетін ашпастан бұрын, аударманың маңызды ерекшелігіне – оның текстологиялық ерекше-

лігіне көңіл бөлуі қажет. Конфуцийшілдік ілімінің негізгі терминдерін түсінудің және әртүрлі тілдерге аударудың ежелден бері келе жатқан дәстүрлері бар. Бұл қазіргі таңда осы мәселеге байланысты көзқарастардың ортақтығы бар дегенді білдірмейді. Көптеген жұмыстарда негізгі мәселе болып қандай да бір сөздің нақты және тура мағынасын табу болып табылады, алайда нәтижесінде зерттеуші әртүрлі мағыналардың жиынтығына келіп тіреледі. Осы жағдайда қабылданған аударманың шарттылығы туралы айта бастайды.

Көптеген қытайтанушылар анықтағандай, конфуцийшілдіктің негізін салушының өзінде де нақты және бір мағыналы түсініктердің жүйесі болған емес. Бұл сәйкес терминологияның ізденісін тоқтату керек дегенді білдірмейді. Конфуцийде сөз, негізінен, семантикалық өзегі бар және қандай да бір мағыналық бағыттылығымен ерекшеленеді. Аударма жасағанда осыны беруге тырысу қажет. Әрине, мұндай аударма кез келген жағдайда біршама шартты сипатқа ие болады және түпнұсқаның мағынасын соңына дейін көрсете алмайды. Алайда бұл кемшіліктер әртүрлі контексте сөздің семантикалық бояуын бере алатын аударманың қосымша нұсқасын ендіру арқылы жойылуы мүмкін.

Бүгінгі таңда «Лунь юй» мәнін түсінудің екі деңгейі бар. Біріншісі Батыстағы барлық еуропалық тілдерге аударылып, кең таралған Дж. Леггтің (XIX ғ.) ағылшынша аудармасына негізделген. Екіншісі – көптеген жүз жылдықтар бойында канонның әрбір иероглифін жан-жақты саралаған «Лунь юйдің» қытайлық комментаторлық мектебі. Бұл мектептің өзінің аты танымал шеберлері бар. Ресейлік қытайтанушының патриархы академик В.М. Алексеевтің пікірінше, «Лунь юйдің» аудармасы ортағасырлық зерттеуші мен конфуцийшілдіктің танымал теоретигі Чжу Сидің (1130-1200) толық комментарийлер аудармасымен берілуі керек. Философ, комментатор, әдебиеттанушы, текстолог Чжу Сидің ғылыми жетістігі – ол «Сы шуды» әр сөзі мен сөз тізбектеріне толықтай түсіндірме беріп, Конфуций және оның ізбасарларының еңбектерін бірге біріктіргенінде. Чжу Сидің 40 жыл уақыт жұмсап құрастырған бұл жинағы үкіметпен мақұлданып, ерте конфуцийшілдіктің ресми түсіндірмесіне айналды. Чжу Си комментарийлері конфуцийшілдік мәдени аймақта

негізгі үлгі ретінде қалыптасты және «Лунь юйді» түсінуге үлкен әсерін тигізді. Алайда Чжу Си жолын қуған зерттеушілер мәтіндерде әлі де «қараңғы және даулы» жерлер көп екенін байқап, орта ғасырлардың соңына қарай Қытайда Чжу Си түсініктемелеріне күмәндік келтірген оқымыстылар пайда бола бастады. Олар Чжу Сиді бастапқы идеяларды әдейі бұрмалады деп айыптап, мәтінді зерттеп, түсіндірмелердің өз нұсқаларын ұсына бастады. Бүгінгі таңда әртүрлі бағыттағы комментаторлық мектеп қалыптасып, олар тоқтаусыз өз еңбектерін көпшілік алдына ұсынууда.

Өзінің дүниеге келген ғасырынан бастап өткен уақыттар ішінде «Лунь юй» көптеген түсініктерге толды және оның негізінде әртүрлі мектептер мен бағыттар қалыптасты. Сондықтан «Лунь юйдің» түсініктер аппаратын түсіндіргенде қазіргі зерттеушілерге және аудармашыларға үлкен талап қойылатындығы заңдылық, себебі көптеген терминдер алғаш рет Конфуцийдің өзімен қалыптастырылып, Қытай мәдениетінің негізін қалаушы ретінде бүгінгі күнге дейін өмір сүріп келуде. Зерттеушілер алдында туындаған негізгі мәселе – терминнің бастапқы, шынайы мағынасын жандандыру. Қытай иероглифтерінің көпмағыналылығы әрбір автор мен аудармашыға белгілі бір контекстегі кез келген белгіге өзінше түсініктеме беруге мүмкіндік береді. Алайда қандай да бір этикалық терминнің көп мағынасының болуы оқырманға дәл неліктен А.М. Карапетьянц аудармасында «дарындылық», В.А. Кривцов аудармасында «мораль» және «өнегелілік», Л.С. Переломовта «рақымшылық», А.С. Мартыновта «моральдық немесе игілік күші дәл», Ян Хиншунмен «заттың жолының көрінуі», С. Кучерамен «моральдық қасиеттер», «мораль қағидалары», «адалдық», А.Б. Красновпен «жақсы қасиеттер», «мейірімділік», «қадір-қасиет» деп аударылатындығын түсіндіріп беру қиыншылық тудырады. Тіпті қытай тілін білетін адам да бір ғана этикалық термин ли аудару барысында «рәсім», «этикет», «ереже», «мінез-құлық ережелері», «салт жора», «құрметтеушілік», «мінез-құлық қағидалары» және «ұстанымдар» деген мағыналарды беруі мүмкін екендігін жиі біле бермейді. Конфуцийшілдік терминдерді аудару барысындағы әртүрлілік белгілі бір мөлшерде бұл мәтіндердің ішкі құрылымын түсіну дәрежесіне тәуелді болып келеді [3, 205].

Конфуций іліміндегі «жэнь» сияқты негізгі категорияны аударудағы қиындықтар осындай болып келеді. Ұстаздың өзі оған толығымен анықтама бере алмайтын. Сондықтан ол «Лунь юйді» аударуда ең үлкен қиындықтарға алып келеді. Ұстаз өзінің негізгі ұғымын әртүрлі түсіндіреді деп айтса болады. Осы себептен «жэнь», әдетте «ізгілік», «адамгершілік», «нағыз адами (бастама)», «адамсүйгіштік», «жоғары рақымдылық», «қайырымдылық», «мейірімділік», «мейірбандық», «нағыз адами бастама», «игілік», «турашылдық» деп аударылады да, қытай философиясының негізгі категорияларының бірі болып саналады. Бұл ұғым өзінде үш негізгі мағыналық аспектіні қамтиды: 1) моральдық-психологиялық – «әділеттілікпен» (и), рәсімдік «өнегелілік» (ли), «саналықпен» (чжи), «сенімділікпен» (синь) қатар тұратын «адамдарға деген [туысқандық] аяушылық-сүйіспеншілік» (ай жэнь); 2) әлеуметтік-этикалық – басқа адамға және қоғамға деген жақсы қарым-қатынастың жиынтығы; 3) этико-метафизикалық – «заттарға деген сүйіспеншілік» (ай у), яғни жеке тұлғаның жансыз заттарға да, қоршаған заттардың барлығына деген сүйіспеншілігі. Бұл категорияны аудару барысында көптеген аудармашыларға оны иероглифтің графикалық құрылымына қарап, оны формальді және жартылай түрде «адамгершілік» деп аударуына тура келеді [1, 53].

«Жэньнің» этимологиялық мағынасы – «адам және адам» немесе «адамдар арасындағы адам». «Лунь юйде» бұл ұғым 109 рет кездеседі. Чэнь Юнцзениң айтуы бойынша «Конфуцийге дейін қытайлықтарда жалпы адамгершілік туралы түсінік болмаған еді», ал мұндай түсінік ретінде Конфуцийде алғаш рет «жэнь» ұғымы қолданылды. Бұл ұғым бірден орталық категориялардың біріне айналды. Конфуцийдің өзі бұл ұғымды әртүрлі тұрғыдан түсіндірді. Бірде ол «ізгіліктің негізі – адамды сүю» [2, XII-22] десе, енді бірде «өз-өзінді жеңіп Ережеге қайтып келу – бұл адамгершіліктің негізі» [2, XII-1] деген. Конфуцийшіл Мэн-цзы «жэнь»-ді «туысқандар арасында байланыс орнату» мүмкіндігін немесе «ата-ананы жақсы көру» деп түсіндіреді. Көптеген жылдар ішінде «жэнь» термині әртүрлі мәндерге толықтырылып, бүгінгі таңда қытай тілінде «ізгілік» сөзінің синониміне айналды. Алайда бұған қарамастан, зерттеушілер арасында «жэнь» ұғымын Конфуций ілімінде

қалай түсіндіру керек деген мәселе төңірегінде ізденістер тоқтаған жоқ. 1989 жылы Конфуций қорының құрметті кеңесшісі профессор Чжоу Гучэн «жэнь» терминіне жаңа түсініктеме берді. Оның пікірінше, Конфуций түсінігіндегі алғашқы мағына келесіні білдірген: «Адам адам болу керек». Ал А. Маслов өз еңбегінде «жэнь» иероглифі екі кілттен «адам» және екі көлденең сызықтан тұратындығын көрсетеді. Адам әлемдік үштіктің бөлігі ретінде екі бастаманы – Жер мен Аспанды өзі арқылы байланыстырады деп түсіндіріп, кімде-кім өзі арқылы Жер мен Аспанды байланыстыра алса, сол «жэнь»-ге ие болады, яғни ол медиатор болып табылады деп көрсетеді. Ал енді бұл ұғымның графикалық мағынасы тағы келесідей түсініктемеге ие: сол бөлігі – «адам», оң бөлігі – «екі». Бұл екі бөлікті қосқанда «екі адам» деген мағына береді де, адамдар арасындағы бір-біріне деген қарым-қатынасты білдіреді [3, 180].

Конфуцийдің барлық ой толғауларында цзюньцзының (қайырымды ер) – идеалды адамның көрінісін байқаймыз. Цзюньцзы әдетте «кемел адам» (П. Попов), «қайырымды адам» (Л.С. Переломов), «құрметті тұлға» (В.М. Алексеев) немесе «қадірлі ер» (Сухоруков) деп аударылады. «Қайырымды адам» конфуцийшілдік дәстүрдің символына, әрбір қытайлық шенеуніктің жетуге тырысатын мақсатына айналды. Конфуций қайырымды адамдарды өз қоғамында емес, Ежелгі Қытайды басқарғандар арасында көрді. Конфуций үшін цзюньцзы Білімге ие, Дао туралы білетін ерекше адам болды. Ол ерекше күшке ие болған адам еді. Алайда батыстық әдебиетте цзюньцзы бейнесі өзгеріске ұшырап, шынайы, адал қызметкер бейнесін қабылдады. Уақыт өте қытайлық бюрократтар бұл ұғымға жаңа мән беріп, бұл түсінікті жоғары басшыларға қаратып қолдана бастады. Реформалардың басты аспектісіне айналған кадр мәселесі бүгінгі таңдағы кадр қызметкері қандай болу керек деген сауалға жауап ретінде конфуцийшілдіктің цзюньцзы идеясының өнегелік-моральдық бейнесін қолдануға негіз салды.

Конфуций ілімінде адамның тағы бір моделі – «сяо-жэнь» («кішкентай адам») бар. Бұл терминнің мәні Конфуций ілімін зерттеушілердің көзқарастарына байланысты. Себебі көптеген ғалымдар бұл ұғымды әртүрлі түсіндіреді. Ғалымдардың көпшілігі (Н.И. Конрад,

В.А. Кривцова, Н.Т. Федоренко, А.С. Мартынов және т.б.) бұл терминнің этикалық мағынасын жасырып, «сяо-жэнь»-ді «кедей адам» немесе «кішкентай әріптен басталатын адам» деп аударады. Негізінен, «сяо-жэнь» – көп мағыналы термин. Ең алдымен, ол – этикалық сана. «Лунь юй»-де «кішкентай адам» термині шарт бойынша «парасатты адам» терминімен қатар қолданылады. Конфуций ілімінде негізгі ойды білдіретін цзюнь-цзыдан ерекшелігі, сяо-жэнь көп кездеспейді. Егер де цзюнь-цзы термині «Лунь юй»-де 107 рет кездессе, сяо-жэнь тек қана 24 рет кездеседі. Егер цзюнь-цзы адамның барлық жақсы қасиеттеріне бөленсе, сяо-жэньде барлық жаман қасиеттер көрінеді. Цзюнь-цзы өзінің игілікті қасиеттерін жетістіріп жатса, сяо-жэнь тек қана заттай құлпырумен ерекшеленеді: «Ұстаз айтты: «Парасатты адам жоғарыға ұмтылады, ал кішкентай адам төменге ұмтылады» [2, XIV, 23].

«Сяо-жэнь» ұғымы әдептілік түсінігі екендігі күмән тудырмайды. Бірақ бұл терминнің мағынасы тек қана ізгілік санатына жатқызсақ дұрыс болмас еді. Қиындығы, Конфуцийдің бұл терминді ішінара қолдануында және де әлеуметтік мағынада да түсіндіргендігінде: «Ұстаз айтты: «Парасатты адам» моральдың ұстануын қарайды, ал «кішкентай адам» жер туралы ойластырады». Сонымен, «сяо-жэнь» түсінігі көп мағыналы, алайда көп жағдайда ол этикалық санат ретінде қолданылады. «Кішкентай адам» сұлбасы өзіне барлық бұрыс жақтарды жинақтаған. Бұл түсінік арқылы Конфуций өзінің замандастарына және келешек ұрпаққа адам мораль туралы ұмытып, өз басының қажеттіліктерімен жүре берсе, онда қандай болатынын көрсеткісі келгендей. Себебі «сяо-жэнь» түсінігінің астында тағы бір идея жатқандай, адам өзін-өзі шындай берумен айналысуы керек, Конфуций ілімін игеруі және оны өмірде қолдануы керек. Олай істемесең, өзіңнің дамуыңды тоқтатсаң, артқа кетіп және бәрі жамандайтын, жиіркенетін сяо-жэньге айналасың.

Конфуций бойынша «қайырымды ер» «вэньге» ие болу керек болды. «Вэнь» иероглифі иньдық (б.з.д XIV-XII ғ.) сүйек жазбаларында кездеседі. Оның алғашқы мағынасы – «денесіне сурет салынған адам», «бояу», «ою». И.С. Лисевич айтуы бойынша, иньдықтармен денелеріне сурет салу сакральді мәнге ие болды, ол «құдаймен, табиғаттың құпия күшімен

жақындасу, магиялық күшке ие болу» дегенді білдірді [4,16]. Конфуций кезіне қарай бұл термин басқа мағынаға ие бола бастады, енді ол «әдебиет», «мәдениет» ұғымдарын белгілеу үшін қолданды. Мұнда Конфуцийдің қосқан үлесін атап өтуіміз керек, себебі ол бұл терминнің алғашқы мағынасынан алшақтап, оған халықтың жазба дәстүрімен, оның рухани мәдениетімен байланысты мағына берді. «Лунь юйде» (I, 6) вэнь – адам оқу барысында ие болатын нәрсе және әр адам бабалардың рухани мәдениетін игеруге тиіс деген ой нақты келтірілген.

«И» – «әділеттілік», «парыз», «міндет», «шыншылдық», «қағида», «мән», «дұрыстық» – конфуцийшілдіктегі негізгі категориялардың бірі. «И»-дің этимологиясы «мен» (wo) және «қошқар» (yang) белгілерінің қосындысынан шығады. Соңғысы «мейірімділік» (shan) және «сұлулық» (mei) иероглифтерінің құрамына кіріп, жалпы қабылданған «талғам» мағынасын береді. «И» ұғымының семантикасындағы деонтологиялық түсініктеме келесіге келіп саяды: «ішкі сезімге (wo) айналған жалпы қабылданған талғам (yang)». Жалпы антропологиялық мағынада «и» адам табиғатының айырылмас бөлшегі, «бес тұрақтылықтың» (у чан) бірі. Біршама нақтырақ әлеуметтік-этикалық мағынада – бес әлеуметтік рөл арасындағы қарым-қатынастың нормалары: әке мен бала, аға мен іні, күйеу мен әйел, үлкен мен кіші, басшы мен қызметші [5, 240].

Конфуцийдің ойлап тапқан адамгершілік критерийлері «ли» («ереже», «рәсім», «этикет») терминімен біріккен. Қоғамның әрбір мүшесі туылғаннан бастап өліміне дейін ережелерге бағыну тиіс. Конфуций «ли» арқылы өз ілімінде қоғаммен мемлекеттің бірігуіне қолжеткізді. «Ли» категориясының семантикалық аясын сараптай келе, «Лунь юйде» ол 74 рет кездесетіндігін байқап, басқа да ұғымдар сияқты оған бір ғана балама табу қиын екендігін көрсетуіміз қажет. Конфуций бұл ұғымды «қайырымды адамның» бөлінбес бөлігі ретінде қарап, «мінез-құлықтың негізгі нормалары» ретінде қарастырды. Ал біздің қазіргі әдебиеттерде ол әлеуметтік-саяси сипаттағы маңызды бақылаушы-реттеуші қызмет атқаратындығы көрсетілуде. Мемлекет пен халықты басқару «ли» негізінде жүргізу – ол, әрине заңға сүйену деп түсіндірілуде.

Даулы мәселе тудыратын тағы бір термин – бұл «чжун». Қазіргі мағынасы «адалдық»,

«берілгендік», «шыншылдық», «ниеті түзушілік» деп түсіндіріледі. Бүгінгі таңдағы комментаторлар негізінен Чжу Сидің берген түсініктемесіне сүйенеді: «чжун» – бұл «өз-өзінді бітіру» деген мағына береді. Конфуций бұл ұғым арқылы адамдарға қарым-қатынас нормаларын үйретеді: кеңес бере отыра немесе көмек көрсеткенде адам «басқа адамға өзінің барлық рухани және физикалық күшін беру керек», яғни «өзін толықтау, бітіру, сарқу қажет». Кейін «чжун» шенеуніктердің жүріс-тұрысына қаратылып қолданды да, «жоғарыдағыларға адалдық», «жұмысқа, жұмыс орнына деген берілгендік» деген мағына берді.

В.С. Спирин құрылымдық анализ әдісін пайдалану арқылы ежелгі қытайлық мәтіндер үш сөз және үш бағана ережесі бойынша құрылатындығын ашты. Тоғыз сөйлемнен тұратын жиынтықты ол «канон» деп атады. Әртүрлі тәсілмен байланыстырылып, мәтіннің бұл бірліктері айтылар ойдың белгілі бір формасын құрайды. В.С. Спирин мәтіннің өзіндік ерекше құрылымы мен иероглифтік қатардың мағынасы белгілі бір мәнге ие және оның шынайы мағынасын біршама толықтай ашуға мүмкіндік беретінін атап өтеді. Конфуцийшілдік негізгі терминдерді түсіндіру барысында бұл жұмыс үлкен ұқыптылықты қажет етеді. Бүгінгі таңға дейін бұл мәселе жан-жақты қарастырылса да, әлі біржақты ортақ көзқарас қалыптасқан жоқ. Біржақты көзқарас бойынша, қытай мәдениеті мен философиясының түсініктерін метафора ретінде қарастыру керек. Басқа көзқарас бойынша, барлық терминдер қатаң рационалды, нақты ғылыми мағынаға ие болып келеді. Бұл екі жақты көзқарасты синтездеуге тырысқан А.И. Кобзев қытайдың дәстүрлі философиясының терминдерін көбі «Лунь юй» қоржынынан шыққан, символдар ретінде қабылдауға ұсынған болатын. Ғалым: ««Символ» ұғымының ерекшелігі поэтикалық сөздің компоненттерінде, логикалық-математикалық формаларды да қамтитындығында. Осыған орай, дәстүрлі қытай философиясының терминдерінің ерекшелігі – олар мәтінді құрастырғанда бейнелі-метафоралық та, рационалды да түсіндірулердің болуына жол беретіндігінде. Бұл әртүрлі түсіндірулер бір символды түсінудің түрлі деңгейі ретінде өмір сүре алады. Бұл

жерден қытайлық ойшылдардың эстетикалық мәселелерді талқылау барысында арнайы эстетикалық емес, жалпы философиялық терминдерді қолданудың негізгі себебі бұл терминдерді әртүрлі мағынада түсінуге мүмкіндік беретін оның символдылығында екені бірден түсінікті болады», – деп жазды [5, 49].

Енді «Лунь юй» түсініктерінің бастапқы мағыналарын ашудың негізгі жолдары туралы айта кетсек. Бүгінгі таңда мұндай үш әдіс бар. Бірі – жоғарыда атап өткен В.С. Спирин ашқан және А.И. Кобзев дамытқан әдіс. Екіншісі – термин барлық қолданыс жағдайында зерттелетін контексті анализ. Үшіншісі – қытайлық оқымыстылармен екі мың жылдан астам уақыт бойы қолданып келе жатқан классикалық әдіс – комментаторлық жұмыс. Ежелгі қытайлық философиялық немесе саяси-этикалық мәтіндердің бірде-бірін онымен бірге жүретін комментаторлық әдебиетті толық зерттеусіз түсіну мүмкін емес. Шын мәнісінде, бұл өзіндік түсініктер аппараты бар ғылым болып табылады.

Қорыта айтсақ, Ұстаз ілімінің негізгі түсініктерін өзіне қамтыған «Лунь юй» еңбегі басталуы мен аяқталуы бір ғана ортақ тақырыппен анықталады: адамның өз-өзін кемелдендірудің нәтижесі болып табылатын идеалды қоғам құру. Білім алу мен өзі сияқты адамдармен қарым-қатынас құру арқылы жоғары рухани мәдениетке жету үрдісі негізінде жатқан тұлғаның өзін-өзі жетілдіру идеясы мәтіннің тұла бойында көрініс табады. Ескерткіштің әдеби құндылығы – тілдің бейнелілігі және мағыналылығы, адамдар мен олардың іс-әрекетінің жан-жақты сипаттамасы. Алайда өкініш тудыратын жағдай – ол бүгінгі таңда «Лунь юй» мәтініне және конфуцийшілдік терминологияға байланысты жалпыға ортақ кешенді зерттеу әдісінің жоқтығы. Философ мәтіннің бір мәнін ашса, тарихшы немесе филолог басқа жағынан көп көңіл аударар, ал заңгер мүлдем үшінші жағын ашып көрсетер.

Әдебиеттер

1. *Конфуций. Я верю в древность* / сост., перевод и коммент. И.И. Семенов – М.: ТЕРРА, 1998. – 384 с.
2. *Переломов Л.С. Конфуций: «Лунь юй» / Исследование, перевод с китайского, ком-*

- ментарии. Факсимильный текст «Лунь юя» с комментариями Чжу Си. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1998.
3. *Маслов А.* Тайный код Конфуция. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2005. – 288 с.
4. *Лисевич И.С.* Литературная мысль Китая. – М.: Наука, 1979. – 266 с.
5. *Кобзев А.И.* О категориях традиционной китайской философии/ НАА. – 19827 – №1.
6. Древнекитайская философия. Собрание текстов в 2-х томах. – М.: Принт, 1978-1879.

М.Б. Асыл

**Закономерности понимания основных конфуцианских категорий
(на основе текста «Лунь юй»)**

В статье рассматриваются основные понятийные категории конфуцианства и закономерности их понимания и перевода на основе конфуцианского трактата «Лунь юй».

M. B. Assyl

**The ways of the understanding the basic confucian categories
(based on the text «Analects»)**

The article reviews the main conceptual categories of Confucianism and the patterns of their understanding and translation based on the Confucian treatise «Analects».